

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырлар поэтикасы.- Алматы: Ғылым, 1993.
- 2 Садырбаев С. Фольклор және эстетика: Эпосты зерттеу; кейбір мәселелері,- Алматы: Жазушы, 1976.
- 3 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. - Астани Аударма, 2002. I
- 4 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 199L
- 5 «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме». - Алматы: Ғалым, 1986.
- 6 Қыраубайқызы А. Елселгі әдебиет. - Алматы: Өнер, 2008.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ БЕЙНЕЛІЛІК ЖҮЙЕСІ

САРСЕКЕЕВА А. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИМАШХАНА.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҰМАБЕКОВА Г. А.

аға оқытушы, С. Горайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Махамбет Өтемісұлы - «тастай катты тағдыр» мен алдында тайсалмаған жауынгер ақын. Отаршыл патша үкіме сүрқия саясатына қарсы тұрып, «қара қазан, сары бала қамы үлгі алқына кылыш ссрмеген қазақтыңтарлан ері, қаран?ыда жол бастан, қиналғанда қол бастаушысы.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының өткен тарихынді; аузымен күс тістеген шешен ақындары, дұшпанына семсерде4 атылған көсем батырлары аз болған жоқ. Бірақ соныщ ішіндегі нағыі «ер» деген эпитетке лайықтылардың бірі де осы - Махамбет. «Ер» сөзінің мағынасы өте ауқымды. «Ер» - ерлік іске бастаушы, соныщ насихатшысы әрі сол істі атқарушы. Ал Махамбет ақынның бойында осы уш қасиет те бар. Демек, Махамбет Өтемісұлы - кайталанбас* «жарық жұлдыздай» болған тарихи тұлға.

Қазақтың өткен тарихында өлеңімен өз ескерткішін сомдаи кету- сирек кездесеін құбылыс. Ал дауылпаз жыршы Махамбеттія отқа оранған жалынды жырларының бірқатары ақынның ойға көсем, тілге шешен бейнесін айқын ашатындай.

Еңселігі екі елі,

Егіз қоян шекелі,

Жараған теке мүшелі

Жауырыны жазық, мойны ұзын,
г Оқ тартарға қолы ұзын,
Дұшпанына келгенде
* Тартынбай сөйлер асылмын [2.63], -

Ту^түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған.
Мен - Өтемістің баласы -
Махамбетатты батырмын! [2, 109]

ІҚ әдебиетінде өз портретін жасау тұңғыш XV ғасырда -ен Қазтуған жырауда болған. «Еңселігі екі елі, / Егіз қоян деген тармақтар кейін XIX ғасырдағы Мұрат Мөңкеұлы іарынан да көрініс *береді*. Бұл - Махамбет Өтемісұлы інің сонау жыраулар поэзиясы, зар заман поэзиясынан у алатындығының *бірден-бір* дәлелі, Жалпы, Махамбет рулы «бүкіл шығармашылығымен өзінің автопортретін І кеткен ақын» [3, 92] деуге әбден болады. *Себебі* бірқатар • ерінен оның өз *бейнесін*, өз тұлғасын танысақ, енді бірқатар іан адуынды күш- қайратын, мұқалмас жігерін кереміз. гамбет ақынның өз бейнесін сомдаған тағы бір өлеңі «Мен - ітуған құмаймын» деп аталады. Мұндағы алдаспан ақынның жемдігі, бейнелеуіш сөздерді жиі қолдануы -оның ақындық !ың қайнар көзі. Мәселен, мына жолдарға бір уңілсек:

Мен - ақсұңқардан туған құмаймын,
Бір тұлпарға жұбаймын.
Сауырыма қамшы тиген соң,
Шаппай неғып шыдаймын? [2, 56]

пазақта «ул<ам» сөзі бірнеше мағынада жұмсалады. Соның таулы жерді мекендейтін ірі жыртқыш құс [4, 289]. Құмай гқасын тауды ең *биік* шыңына салады жәяе қанаты бекіген өз балапанын сол жартасқа әкеп лақтыратын көрінеді. Бұл і үшуға шамасы келген, күш- қуаты жеткен құс қана әрі қарай "қағып, аман өткен. Ендеше, ақын тақпауындағы «құмай» сөзінің ір, *түпкі* мәні тым әріде. Ақын қолданысындағы *шумаіЪ*, бір іан күштілікті, болаттай *беріктілікті* білдірсе, екінші жағынан, рдың *биік* талғамын, ой- ерісінің жоғарылығын танытады. *Ан й* шумақтағы ұлғайған метафораның күрделі түріне құрылған:

Мен - түбін қазған бәйтерек,
Толқын соқса, құлармын [2, 56]

- жолдары алдыңғы ойға кереғар, контраст ұғымда алынған.«) семсері» М. Өтемісұлы алдыңғы тармақтарда өзін «кұмай «қарақұстан туған қалықпанға» баласа, енді бәйтерекке, діңгі бәйтерекке емес, «толқын соқса, құлайтын түбін қазған бәйтерек ұқсатады. Бұл ақынның Исатай өлгеннен кейінгі туған елеңдер бірі екенін айнытпай айтуға болады.

Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім,
Қайраса - қайта жетілдім [2, 57],

- деуі - осыған дәлел. Осындағы «қара балта» сөзінде б^а Махамбет образы бар. Осы бір төрт жолды өлеңнен Махамбет ерлікке толы өмірінің бар сырын аңғаруға болады: «Мен бір ша ұстаған кара балта едім» - төңкеріске дейінгі және төңкеріс кезі бейнесі; «Шабуын таппай кетілдім» - Исатай қазасынан кей бейнесі; «Қайраса - қайта жетілдім» - жаужүрек ақшынның мезеттегі, болашақ қайсар рухты бейнесі.

Ақынның аталмыш елеңінде «Мен - қарақұстан туг қалықпан» деген жол бар. Мұндағы қалықпан - бұл күйде бейтаныс сөз. Бұл сөзді М. Өтемісұлы «Желден де желгір ақбөке деп басталатын өлеңінде:

Қалықпандай қомданып,
Жау тоқтатып айқаста,
Құрбан болса елі үшін! [2, 63]

- деп тағы қолданады. Қалықпанды ақынның 1962 жылы басы кітабында «қыран құс» деп түсіндірген. Ең алдымен, бұл сөз құстың атауы екені рас, бірақ «қыран құс» дегеннің көне атауы | әлде әуелеп ұшатын өзге бір құстың атауы ма? Мұндағы сөз, түбірі - қалық. Қалық көне түркі тілдері мен шығыс түркі тілдер «аспан» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде бұл түбір қалы етістігінде сақталған: ол «құстың канатын қаппай бір қалы ұшуы» деген мағынаны білдіреді. Бұл - осы сөздің қазіргі мағ ал о баста қалықтау «әуелеу, аспандау» деген мәнді берген керек, -пан - сөз тудыратын қосымша [5, 18].

Махамбет мәтінде әңгіме бұл сөздің Дәл мағынасын білу емес, әңгіме «қалықпан» сезінің мұнда биікке самғайтын, еркін кең дүниені көксейтін бейне үшін қолданылғандығында. Демек, s көкке самғауды еркіндіктің символы деп таниды да, сол еркіндік i биік мұрат иесін қалықпан құстың бейнесімен береді. Қазақ тілі үе мағынасы күңгірттенген көне сөзді қолданып, ақын екі түрлі]

я: біріншіден, ұсынбақ бейнесін өзгелер көп қолданбаған іетафорамен берген, екіншіден - бейтаныстау, көне сөздің іушыға эсер ететін экспрессивтік қасиетін жақсы сезінген. ііахамбет - ақты тақырыпты сөз еткен ақын. Ол Шалкиіз, иардай ақылгөй, кеңесші емес, бұрынғы жыраулардай өмір мен исты, айналадағы тұрмыс- тіршіліктің өз тұсындағы оқиғалары р әрекеттеріне тікелей қатысушы. Сондақтан да Махамбет іу емес, ақын. Тақырыбы көбіне-көп нақтылы болғандықтан, І^nшісіне сол нақтылыққа сай жаңа образдар мен жеке сөздерді и тілге коеу үлесі тиген. Ақын шығармаларының дені 7-8 **щы** жыр өлшемімен келуі тегін емес, ол - осы үштастықтың ісрбі. Әрине, бұл жалғастық тек өлең өлшемінде ғана емес, сол рин, өлендегі ойдың берілу тәсіліне анық көрінеді. Ең нақтылы •рыпқа жырланған «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» деген йфмасының өзінде Махамбет өткендегі әдеби тіл өрнектерін ' тармақ етіп те, жеке бөліктер түрінде де енгізеді. Мысалы, осы күнгі өлентүріне келтіріп лсазуымызға орай 12 бөлімнен бұл шығарманың І бөлімі түгелімен дерлік өткен үлгілерден тармактар., ал қалған бөлімдерінде:

Бөліне көшкен елінді
Бөріккен қойдай қылармын.
Жарыла көшкен елінді
Жаралы қойдай қылармын...
Керегесін кескілдеп,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын тілгілеп,
Токым етсем деп едім [2, 180],

н сияқты жолдар жыраулар толғауларымен үштасып жатыр. Махамбет поэзиясы тілінің ерекшелігінің бірі болып табылады.

ісі арқылы Махамбеттің әдеби тіліміздің даму барысындағы да ерекше шығады. Махамбет -өзіне дейінгі қазақ поэзиясының р бойы қалыптасқан, шындалған, елек көзінен өткен табысын рге түйіп тастап, оны әрі карай жаңа бағытта жалғастыруға ішқан суреткер. Акынның бұл қызметі шығармашылығының өн ан сезіледі. Өлендерінің басты тақырыбына орай жаугершілік атобын молына қолданады. Олар қару- жарак, сауыт- сайман : **найза, қылыш, мылтық, білтелі, садш, эюай, дуяыга, кобе, -е, жебе, сауыт, кррамсақ, сүңгі, семсер** т.б. Бұлар, негізінен, беттің өзі қатысқан ұрыс- соғысты суреттеуден гөрі жоғарыда ілгендей, өткен дәуірлерден келе жатқан әдеби штамптарды

образ үшін 'пайдаланған тұстарында көбірек жұмсалған. Мысалы, өзінің портретін берген бір өлеңінде: Белгілі туған ер едім, Беліме *садақ асынған* -десе, бұл жердегі *садақ* сөзі портреттің дәлдігі үшін емес, образ үшін алынған, өйткені беліне *садақ асыну* бейнелі тіркесі ұрысқа сай ер- азаматтың символы болып табылады [1,43].

Махамбеттің сөз қолданысындағы жөне бір ерекшелік әдеби-көркемдеу тәсілдеріне катысты. Акын өзінің шығармашылық қазышасында теңеулердің бірнеше варианттарын ұсынады: *қызғыштай болған есіл ер, еркек қойдай белініп, қырқарланып өткен ер, таудан мұнартып үйің тарланым, кермиық, керіскендей шандозым, ңас бәйтерек, шамданса, шалңасынан түсер асау, шамырқанса, иштынап сынар болат, түбін қазған бәйтерек, тауда ойнаған қарт марал, шарға ұстаған қара балта, ақсұңқар құстың сойы, екі тарлам бірі, құстан туган цұмай, ңарақұстан туган қалықпан, суаруы қанық көк сұңгі*. Бұның барлығы - Махамбетке дейінгі қазақ поэзиясында болмаған дүниелер. Сол сияқты *қалыцпандай цомданып жаймет айқасу, ағыны қатты Жайықты тіземен бұзып өту, қырдан қиқу төгілу (естілу емес, төгілуі), қайраңнан алған ишбақтай қия бір соғыт ас ету, адырнаны ала өгіздей мөңірету, темірқазың жастану, қу толағай бастану* образдары - Махамбет жаналықтары [6,94]

Тарихтағы махамбетті айтқанда, оны исатайсыз елестетуі мүмнШ| емес. Себебі «Исатай - басшы, мен - косшы» деп акынның өзі айтқандай, акын жырлары - көтеріліс каруы., ал көтеріліс басшысы - Исатай. МахамбетӨгемісұлы өзінің «Ереуіл аткаерсалмай», «СоғыаЯ «Толғау» дейтін өлендерінде Исатай қозғалысының өрлеу үстіна» суретін берсе, көтеріліс женіліс тапқан тұстан бастап Исатайдыш халық бостандыгы үшін бас берген ерлігін басым жырлайдна Акынның «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Тарланымям «Бағаналы терек» өлендері де - осы «аш арыстан лсүректі» Исатайя арналған туындылар. Қазақ әдебиетініңтарихын зерттеуші, професоцИ Ә,Қоныратбаевтың айтуынша, оның «Мұнар күн» толғауы 1831 жылдың 12- шілдесіндегі Исатай өлімінен соң жазылған. Мұнда акния

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бүлттан шыккан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн,
Бұлыксып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн [2, 34]

- деп жырлайды. Толық алигерацияны камтыған осы бір үзім.іітЩ сөздердің көбі метафораға, яки ауыстыруға құралған. Жол

занып отыратын «күн» сөзі. ауыр заманмағынасында
шған. Күн - өмір. Бірде ол - «мұқар күн», бірде халыққа жайсыз
>күн», енді бірде «бұрынғы дәулеттайған күн», «он сан байтақ
күн». Ақын халықтың жеңіліс тапқанына зығырданы кайнап,
екшішпен жырлайды. Өлендегі «мұзға тайған буыршыи» -
" «бура» - хан, «атан» - жүк артатын түйе, яғни еңбек адамының,
шң бейнесі. Атанға бура шөкті деген жерде от ауызды ақын
іктын камын қылам» деген Жәңгір ханның іс- әрекетінің
ісыз, баянсыздығын сынаған. Бұл - айтар ойын астарлап,
івкгелеп жеткізудегі ақын тілі шеберлігінің бірден-бір дәлелі.

Махамбет ақынның Исатайға арнаған тағы бір елеңі -
rf-ігааным». Әллеғиялық формаға құрылған осы біртолғау Исатай
рездемесіне құрылған:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме:
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным көп болды-ау,
Саған да менің арманым[2, 87],

шрпжырлайды ақын. Исатайдытарланға, арыстанға балайды. Иеатай
хұнартып биікке ұшты, ұсынсам да қолым жетпейді деген өкініш-
ід.:ғысын да жасырмайды. Бірақ орақтілді ақынның айтпағы - Исатай
«ұнартып биікке ұшса да, оның арманы, мүддесі өлгец жоқ деген
зрдалы ой. Өлеңніңнегізгі идеясы осында жатыр. Махамбет Өтемісұлы
жырлары - Исатай қозғалысының поэзиядағы шежіресі. Қазақ
«аебиетінде Исатай қозғалысы секілді поэзияға мол түскен қозғалыс
сирск. Соның барлығы дерлік Махамбет өлеңдерінен көрініс тапқан.

Біз осыған дейін Махамбетті от ауызды, орақ тілді ақын,
кегеріліс жаршысы дедік, ал ең бастысы, «ер» деген эпитетке лайық
іуған нағыз лсаужүрек батыр дедік. Иә, Махамбет - ер. Ол - «ерлік
|идософиясын жасаушы ақын» [7, 78]. Махамбет ақын олевдеріиің
©арлығы дерлік осы ерлікке арналған. «Ерлік те - ғашықтық сияқты
құбылыс. Ол шын берілуді, кажет болса, құрбандыққа дейіи баруды
іаяап етеді. Бірақ ерадам мертболамын-ау демейді. Ерлік - Махамбет
ақынның тел қасиеті, оның осы қасиеті ақындығы арқылы айқын
көрінген» [6, 80]. Ендеше, Махамбеттің ақындығы - оның ерлігішң
көрінісі. Мәселен, ақынның «Ереуіл атқа ер салмай» елеңін.дсгі;

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку- енку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,

О
Ф
Б
СД
О
!
■
О*

Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала

Сакалы шығып жат болмай [2, 19]

- деген жолдар батырларды ғана емес, өзінің бостандығы үпіһя қолына кару алып аттанған бүкіл халық ерлігін жырлау **боі** табылады. Он тоғыз жолды шумактан құралған өлеңнің алғашкш сегіз жолы көсемшелі эпигет түлғалы бағыныңқы сөйлемдер, **текШ** сонғы «Ерлердің ісі бітер ме?» деген жолы ғана сұраулы сөйлеЛШЦ құрылған. Ақын ойынша, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - **1** Осы өленде ақын ер адамның бүкіл табиғатын танытқан. Ер - ¹ **ат** үстіндегі адам. «Өзіңнен туған жас бала, / Сакалы шығып болмай [2, 20],- дегеннен осыны аңғаруға болады. Өзіңнен тут сәби баланның сен оралғанда сакалы шығып, танымастай болатыі - нағыз батырдың, түзде жортқан аш қаскырдай азулы **батырдыңі** табиғатына тән құбылыс. Ал ақға кодданысындағы *алты малтаныц ас болуы* да сол өр рухты ерлердің табиғатына тән. Малта - *кеш. 1* сүттен жасалған қатгы күрт [4,317]. Көк сүттен жасалғандыцтае дз мұнда **май болмайды** әрікатгы болады. Ел қамын ойлаған **батыг.** өзегі талғанда осы қатты күртты аузына салып талғажау еткс асқазанын алдаған. Махамбет өлендері жігерлі де асқақ **романтЕ** толы. Ақын қиялы алыс қияға самғап, өмір өрін кезеді. Рас, аі өзінің «Жалған дүние», «Шашылу», «Қаршыға деген бір күс ба: «Тілек», «Жалғаздық», «Тарқамау», «АдыракалғырНарында»**де** өлендерінде мұң-шерге көбірек беріледі. Бұл өлендерінде ақын өв онын шығармашылығындағы кейбір күйректікті бейнелейді. Бі| бұл ақын шығармашылығының реалистік сипатын әлсірете алмаі «Тайманның ұлы Исатай» өлеңінде: «арғымактан туғ казанат» деген жолдар бар, Мұндағы, «казанат» - дене бітімі ірL кеудесі кең **шоқтығы биік**, ұзақ **жолға** шыдамдът, мықты **ат** дег ұғымды білдіреді.

Арғымактан туған казанат,

• Шабуыл салса нанғысыз

Қазанаттан туған қаз мойын.

Күніне көз көрінім жер шалғысыз.

Айырдан туған жампоз бар,

Нарға жүгін салғысыз.

Аруанадан туган мая бар,

Асылын айуан десең нанғысыз. [2, 63]

Ал «жампоз» сөзінің мағынасы - нар мен айыр түйенің
 лнан шыққан асыл тұқымды түйе. Жампоз өркеш - тең өркеш,
Ишшырқың жампозы атанатын өркеші, Жампоз өркештің өзгелерден
 шырмасы екі өркештің биіктігі де, жуандығы да *бірден* болады және
 арықтағанда бір жағына қисайып қалмай, сол тік қалпында аласарып,
 өркеш майы өз бойына, қомына таралып, семірсе, өркештері биіктеп,
 тірелетін түйені айтады. «Мая» - түйешар, жалғыз *өркешті*,
 тақыр келген таза тұқымды нар түйенің ұрғашысын айтамыз,
 Бұйыршын - аруана мен үлектен туылған, әлі келеге түспеген 4 жасар
 түлек. Және бір мысал: «Бұйыршын мұзға тайған күн» [2, 34]

Ақын бұл түйе жануарының әртүрлі жастағы түрлерін өлең
 ішіне енгізе отырып, өлеңді осы сездер арқылы айшықтайды.
 Махамбет тек қана ақын, батыр, халық қамын ойлаушы ер тұлға
 ретінде ғана емес, түйе шаруашылығынан да хабары бар екенін өлең
 " *шдарында* аңғартып тұр.

Жалпы, ақынның метафоралы, тенеулі образдары қазақ
 поэзиясының бейнелілігін жоғары сатыға *көтерді*, осындай
 іаныс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі
 орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың
 айтылмақ ойға дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн
 Вен түрдің *ндесуі* дегенге үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: «Арыс», 2004.
- К 2 Өтемісұлы М. Шығармалары. Алматы: «Жазушы», 2006.
- 3 Жүсіп Қ. Махамбеттану мәселелері. Алматы: «Асем-Систем», 2006.
- К- 4 Қазақтілінің түсіндірмелі сөздігі. Алматы: 2007.
- 5 Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді
 лингвистикалық талдау (Оқу құралы). Алматы: «Ғылым», 2002.
- 6 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1993.
- 7 Махамбет: Жырсемсері. Құрастырған: Өмірәлиев Қ., Алматы:
 «Атамұра», 2008.

ф
 а
 ь
 Ф
 »

МАЗМҰНЫ

8	С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, Э.Ф.Д., профессор С. М. Өмірбаевтың алғы сөзі.....	3
2	1 Секция. Академик Қ.И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі	
0	1 Секция. Академик К.И. Сатпаев и его роль в развитии науки и образования	
	Кудерин Д. М. Академик К. И. Сатпаев и его роль в становлении науки Казахстана.....	
	2 Секция. Қазақ филологиясы 2 Секция. Казахская филология	
	Абенова М. Ж., Кәріпжанова А. О. Тұрақты тіркестердің нормадан мақсатты және мақсатсыз ауытқуы.....	10
	Балағазина А. С., Жұмабекова Г. А. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдіс, бағыт, ағым мәселелері.....	16
	Белгібаева А., Ағалиева Н. Б., Қадырова Б. М. Фразеологизмдердің контекстік мағынасы.....	24
	Болатова А., Кәріпжанова Г. Т., Қадырова Б. М. Шәкәрім шығармаларындағы «ғылым» концептісі.....	27
	Гаркава Б. В., Талипова Ж. М., Төткен Е. Е., Зейнуллима А. Ф. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді қазақ тіліне тәржімалаудың кейбір ерекшелігі.....	33
	Исмағамбет Е., Жұмабекова Г. А. М. Макатаев лирикасындағы сюжет мәселесі.....	36
	Ермекова А., Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Понятие «зима», «ветер», «хребет», «гора» в стихотворениях Машхура Жусипа.....	39
	Жакилова М., Қадырова Б. М., Кәріпжанова Г. Т. Бейвербалды амалдардың зерттелуіне шолу.....	44
	Жақсылық А. А., Жармакин О. Қ. Мәтіндегі уақыт категориясы.....	49
	Жунусова А., Абжаппарова Б. Ж. Речевой этикет в разнсистемах языках (на материале японского, английского и казахского языков).....	52

М. МАҚАТАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ СЮЖЕТ МӘСЕЛЕСІ

ЕРМАҒАМБЕТЕ.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖУМАБЕКОВА Г.А.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Өлеңнің табиғаты, бар болмысы, жан дүниесінің өзі бір толып жатқан дүние емес пе?! Өлеңнің өзегіне бойлап батқан әрбір ақшынның туындысында ой өрімі, сөз ағымы, тіл оралымы айқындалады. Өлең құрылысындағы әр сөздің түйсігіне мән бере отырып ақынды тануға болады. Өлең арқылы ақынның не айтатыны, нені сезіндіретіні, қандай ой тудыратыны байқалады. Өлеңнің өзі өртенген дауылдай. Өлең - тылсым бір күштің арқауымен дүниеге келетін керемет құбылыс. Өлеңнің өзі - тулаған әлем. Ондағы галамат топшылаулардан, сан мындаған әсемдік атулығы тамашалай отырып, эстетикалық әсер аласыз. Өмірдің мәнісін танытып, маңыздылығын сипаттайтын бір бөлшекті өлең деп түсінеміз. Поэзияның мың құбылған бояулары, тіл көркемдігін айшықтау үшін де ерекше талант керек. Оны танудағы құлтдыныс адам арқауының тамаша талпышысы. Өлең арқылы сөзбен жүректі жібітіп, көңілді жадыратуға болады.

Осы ретте, алдымен лирикадағы сюжет мәселесіне көңіл аударғымыз келеді.

«Эпос пен драмадағыдай оқиғалар жүйесі бар, адамдар қарым-қатынасын кең қамтыған сюжет емес, лирика мүмкіндігіне сай «өзіндік» сюжет, лирика сюжеті», - деп әдебиеттанушы ғалым Қуандық Мәшһүр-Жүсіп айтқандай, лирикадағы сюжеттің бітімі басқалардан күрделі болып табылады. Демек, лирика сюжетінің тұлғасының өзі мың-құбылған, жұмбақпен әсемдеп, айқындылықпен қапталатын, шындықтың бейнесін өткірлеп атқаратын оқиғалар шырғалаң емес пе?! «Лирикада күрделі сезім де, тартыс та, өсу жолы да—бәрі де болады, тек ол эпостағыдай кең емес, өзіндік ерекшелігі мол». Лириканың табиғаты, эпос пен драмаға мүлдем ұқсамайды. Лирикада сюжет дәлдікті, қысқа ғана ой тұжырымын нақтылықпен сипаттайды. Былайша айтқанда, қазақ поэзиясында лирика, оның ішінде сюжет мәселесі әлі де толық зерттеліп болған жоқ. Кей ғалымдар лирикада сюжет бар деп айтса, кей ғалымдар жоққа шығарады. Бірақ ғалым Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің «Өлең - сөздің патшасы» атты зерттеуінде лирикадағы сюжет туралы жан-жақты, әрі айқын көрсетіп, лирикадағы сюжеттің болмысы басқалардан ерекшеленіп тұратындығын дәлелдеп берген. Лирикадағы сюжет

«өптегентартыстармен пшеленістерді толығымен ашып көрсетпейді. Ондағы сюжет шығарманың толық үрдісін қамтышайды, тек арасынан саралап алыш, белгілі-бір сәтті сөз толғаныстарымен мәнерлі жеткізеді. Әрине, оның бәрі ақынға тікелей байланысты. Лирикада ақынның табиғатты болсын, махаббатты болсын, көңіл күймен жырласа, ол тек қана ақынның іінкі жан дүниесінің толғанысы ғана болмайды. Ол, сол камтып отырған жырдың көлеңкесіне жарық іспеттес болып нұрын шашып отырады. Демек, бұл жерден лирикадағы сюжеттің айқындылығын көруге болады. Осы ретте, Ғ.Мүсіреповтің: «Бір сөз, бір сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» - деген пікірі айтқанымызды қуаттай түседі.

Айталық, лирикадағы оқиға рет-ретімен жүйелі, мазмұндалуы мүмкін, яғни фабула болады дейік. Бірақ сюжетсіз фабула ешқашан бола алмайды. Яғни З.Қабдолов айтқандай «...фабула - сюжет пен композицияға фон ғана». Демек, шығарманың фабуласы «жоспар» деп түсінсек, сюжет пен композиция сол «жоспардың» тұжырымы деп айтуға болады. Әрине лирикада сюжеттің тартысы да, шиеленісі, шешімі де бар. «Сюжет - көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы және тәсілі» [2,56]. Көркем шығарманың мазмұны түрлі мінездер мен типтердің өзара қарым-қатынасынан туған шындық, өмірлік оқиғалар тізбегі десек, осының өзі сюжетте адамдар мен заттардың тұтасқан ішкі-сыртқы қимыл әрекет жүйесі ретінде кәдімгідей қозғалыс, белгіяі-бір даму үстінде көрінеді. Ал, лирикадағы тізбекті ғана бөліп қарастыру шығарманың мәнісін жандандырып бере алады. Мұның өзі драма мен эпостан қарағанда өзіндік ерекшелігін даралай түседі.

Енді М. Мақатаев лирикасындағы сюжет мәселесіне назар аударайық. Мысалы:

Мұқағалидың «Қайран жеңгем» өлеңінде лирикалық қаһарманмен бірге біраз кейіпкердің болмысын аңғаруға болады. Сол арқылы лирикалық қаһарманның қызғаныш отына күйіп көреміз.

Су сұрасам, сүт берген, айран берген,
Қартайып қалыпсың-ау қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп,
Қасыңа мына біреу қайдан келген.

Алырай суық еді сұрқы неден?!
Адамға қарайды ғой сыртыменен.
Жол көрсеткіш сақшының таяғындай,
Қимылынды бағып түр мұртыменен.

Жеңеше-ау! Есіндеме біздің ағай?
Сыйласып отырар ек біз құдадай.
Қанды балақ соғысты қарғыс атсын,
Қайран жеңгем, шырқынды бұзды қалай?

Күлкің қайда күмістей сынғырлаған?
Жүзін неге ымырттау түнжыраған?
Бұғалыққа тұрмайтын асау едің,
Сені әкеліп теліген кім мынаған?

Өзің болсаң, тым ағат ойланғансың,
Бақыт емес басыңа қайғы алғансың.
Жан едің ғой жанының талғамы бар,
Қара мүртқа қалайша байланғансың?

Қартайың қалыпсың-ау қайран жеңгем!
Қайғыға мойымаушы ең. Қайдан келген?!
Сағынып лсүрсің бе, әлде, қадірлім-ай,
Баяғы жастығыңды майданда өлген...

Мұнда лирикалық қаһарманмен бірге бес кейіпкердің барын аңғаруға болады. Әрбір образ айқын түрде өрнекпен көрсетіліп ашылған. Әрине, алдымен жеңгесінің камқорлығы айтылып «Қарғаның валетіндей едірейіп, қасына мыша біреу қайдан келген?» деп екінші бір жігіт бейнесі бар екендігі көрініс табады. Бұл тұрғыда жігітті кемсіту мақсатында емес, қызғану барысымен жеңгесіне лайық еместігін айтып көрсетеді. Ал екіншісінен жігіт бейнесінің толық ашылтандығыш көреміз. Мұнда «сұрқының суықтығы» мен «адамға карауындағы әрекеті, сақшының таяғығаа мүртын теңеп, кимылын бағып тұрғанын жүйелі жеткізеді. Ал үшінші кейіпкерді ағай бейнесі арқылы жеңгесіне сай деген үмітпен, соғыстың кесапатынан одан айырылғанын ашып көрсетеді. Тағы да «Бұталыққатұрмайтынасау едің» деп, «неге осыған косыддың» деген ызамен қығажылады. Жеңгесінің осы «қара мүртқа» қайдан жолыққандығы, жеңгесінің «Жан едің ғой жанының талғамы бар» деп, не үшін сол «қара мүртты» таңдағанына ызаланады. Мұнда бір жағышан қызғаныпп, бір жағынан аяушылықтың мәнісі бар.

Қорыта келгенде, ғалым Қ.Мәшһүр-Жүсіптің мына бір пікірімен түйіндегіміз келеді: «Бір мәселеге баса назар аударғымыз келеді: бүтінгі «жөк» деп жүргенімізде аздаған «бар» кездессе, сол «аздың» сыр-сипатын, ерекшелігін аша білуіміз керек. Асылы, одебнет үшін ұсақ-түйек мәселе лсоқ» [1].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Өлең - сөздің патшасы. Алматы, 1991.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2002.
- 3 Мақатаев М. Аманат. Жыр жинағы. Алматы, 2009.

£

^

g

jj|

Ш

ш

ПОНЯТИЕ «ЗИМА», «ВЕТЕР», «ХРЕБЕТ», «ГОРА» В СТИХОТВОРЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА

§

ЕРМЕКОВА А.

?

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ЖУСУПОВ Н.К.

д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

БАРАТОВА М.Н.

к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

При образном выражении понятия трудности Машхур Жусип развертывает эквиваленты, имеющие широкое распространение в мусульманской восточной литературе, создает оригинальные образцы сбора и иносказания. К примеру, в книге Юсуфа Баласагуни «Благодатное знание» («Құтты білік») в качестве собирательного образа трудной старости выступает «мороз» («аяз»):

Перейдешь шестьдесят - из знойного июля,
Попадешь в капкан зимнего мороза [1, с. 81].

Машхур Жусип развивает и расширяет значение слова «зима» («қыс»):

Дүниенің карамадым көп-азына,
Ескеріп көз алмадым қыс-жазына.
Шимайды жындылықпен сала бердім,
Шимайлы шайдың қалған қағазына.

Қонақ десе, үрпиеді байлар шошып,
Талай қонақ қона алмай жүрген жосып.
Күн бұрыннан қуырылып, пейілі кетіп,
Барады екен арқасын аяз қысып.

Екі қыс арқасынан бірден қысып,
Шабынсыз, дөңге салған, қарасы бар,
Түйеге нокта қалай бұйрық болды,
Қазақтың кісі алатын бурасы бар.